



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

зерттеу мен зерделуді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Арутюнова Н.Д. Истоки, проблемы и категории прагматики. Москва. Прогресс.1985. – 501 б.
2. Телия В.Н. Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М.: Наука, 1986. – 141 б.
3. А. Байтұрсынұлы. Шығармалары. –Алматы, 1989.-297б.
4. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Ғылым,1999. -581б.
5. Б. Шалабай. Көркем мәтінді талдау әдістемесі мен тәжірибесі. –Алматы, 2008. - 124б.
6. Алкебаева Дина Ақбергенқызы. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы. Алматы, 2006, 270 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. – Алматы. 1994, - 405 б.
2. Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. 2 том – Алматы. 1993, - 496 б.

ӨОЖ 811.512.122 ' 34:811.512.123

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ НОҒАЙ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТЫҚ СӘЙКЕСТІКТЕР: ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Әмілбекова Тоғжан

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 4 курс студенті

Түркі тілдеріне генеологиялық тұрғыдан жасалған классификациялардың ішіндегі барлық түркі тілдері және олардың басты фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктері толық қамтылған, қазіргі түркі тілдерінің даму жолы мен туыстық деңгейін айқын көрсететін әрі көпшілік мамандар тарапынан мойындалған классификация – Н.А.Баскаковтың жіктеуі.

Н.А. Баскаковтың классификациясының өзге жіктеулерден басты айырмашылығы – тілдік ерекшеліктермен қатар тарихи принципке сүйенуі, яғни сол тілде сөйлеуші халық тарихымен бірлікте қарастыруында. Ғалым түркі тілдерін үлкен екі бұтаққа бөледі: Батыс хун тілдері және Шығыс хун тілдері. Осы классификация бойынша біздің қазақ тілі өзіне туыс ноғай және қарақалпақ тілдерімен бірге қыпшақ тобын құрайды [1, 131-135]. Біздің қарастырғалы отырған мәселеміз қазақ және ноғай тіліндегі дауысты дыбыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Қазақ және ноғай тілдеріндегі дыбыстар дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінеді. Дауысты дыбыстар айтылғанда дыбыс желбезегі толықтай тербеледі, ауа кедергіге ұшырамайды. Дауысты дыбыстар буын құрау қасиетімен ерекшеленді. Ал дауыссыз дыбыстар айтылғанда дауыс желбезегі аз қатысады, ауа кедергіге ұшырайды.

Қазіргі қазақ тілінде он екі дауысты дыбыс бар: а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э. Бұлардың тоғызы (а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і) қазақтың төл дауысты дыбыстары, үшеуі (и, у, э) саны орыс тілінен сөздер арқылы енген кірме дауыстылар болып саналады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар құрамына қарай жалаң (а, ә, ы, і, ұ, ү) және құранды (е, о, ө) болып екіге бөлінеді. Жалаң дауысты дыбыс бастан-аяқ бірдей айтылады да, құранды дауысты дыбыс бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталады.

Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық ерекшеліктері ескеріледі. Мәселен, Ә.Жүнісбеков қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөлуге болатынын айтады.

1. Тілдің көлденең (қатысына) қарай: а) тіл арты дауыстылар, ә) тіл ортасы

дауыстылар;

2. Тілдің (жақтың) тік қалпына қарай (қатысына) қарай: а) ашық дауыстылар; ә) қысаң дауыстылар;

3. Еріннің қалпына (қатысына) қарай: а) ерін дауыстылар, ә) езу дауыстылар;

4. Өуез қатысына қарай: а) жуан дауыстылар, ә) жіңішке дауыстылар;

5. Құрамына қарай: а) жалаң дауыстылар, ә) құранды дауыстылар. Ғалым қазақ тіліндегі е,о және ө дауысты дыбыстарды құранды, яғни дифтонг дауысты дыбыстар қатарына жатқызып, осы үш дауысты дыбысты екінші сыңарының тілдік тік қалпына қарай қысаң деп көрсетеді [2, 57-58 бб].

Ноғай тілінің әдеби тілі қазан төңкерісінен кейін қалыптаса бастады. Ноғайлықтар 1928 жылға дейін араб алфавитін қолданса, 1928 жылдан бастап латын графикасына, ал 1938 жылы орыс графикасына көшті. Қазіргі ноғай тілінің алфавиті латын транскрипциясымен төмендегі кестеде берілген:

А а	А а
Аь аь	А ä
Б б	Bb
В в Vv (Ww)	
Г г Gg	
Д д Dd	
Е е Ee	
Ж ж	Ž ž
З з Zz	
И и Ii	
Й й Jj	
К к Kk (Qq)	
Л л Ll	
М м Mm	
Н н Nn	
Нъ нъ	Ñ ñ
О о Oo	
Оь оь	Ö ö П п Pp
Р р Rr	
С с Ss	
Т т Tt	
У у Uu	
Уь уь Ü ü	
Ф ф Ff	
Х х Hh	
Ц ц	Ts ts
Ч ч	Č č
Ш ш	Š š
Ъ ъ	
Ы ы	İ ĩ
Ь ь	
Э э	Ê ê
Ю ю Juju	
Я я JaJa	

Ғалым С.А. Кукаева ноғай алфавиті 38 жай және күрделі әріптерінен құралатындығын айтады. Ноғай алфавиті орыс алфавитінің негізінде ноғай тілінің спецификалық дыбыстарын беретін төрт дыбыстың қосылуымен жасалған: сонор нъ және дауысты аь, оь, уь. Бірақ ноғай алфавитінде өзге тілдің алфавиттеріне тән кемшіліктері бар. Әріптің қос белгімен (аь, оь, уь,

нь) келуі кез-келген алфавиттің кемшілігі екендігі белгілі [3, 233 б].

Кез-келген тілдің алфавитінің ыңғайлылығы сол тілдің фонетикалық жүйесін толық бере алуымен өлшенеді.

Жалпы қазақ және ноғай тілдерінде дауысты дыбыстарды әуездің қатысына қарай жуан және жіңішке деп бөлу орныққан пікір болып саналады. Қазақ тілінде жуан дауыстыларға а, о, ұ, ы, жіңішке дауыстыларға ә, е, ө, ү, і дыбыстары, ал ноғай тілінде жуан дауыстыларға а, о, у, ы жіңішке дауыстыларға аь, оь, уь, и, е дыбыстары жатады.

Қазақ және ноғай тілдерінде дауыстылар еріннің қатысына қарай еріндік және езулік болып бөлінеді. Еріндік дауысты дыбыстар айтылғанда ерін дөңгеленіп сүйірленеді, ал езулік дауыстылар айтылғанда ерін екі жаққа тартылып, езу жиырылады.

Қазақ тіліндегі о, ө, ұ, ү және ноғай тілінде о, оь, у, уь дыбыстары еріндік дауыстылар, қазақ тіліндегі а, ә, ы, і, е және ноғай тіліндегі а, аь, и, е, ы езулік дауыстылар саналады.

Қазақ және ноғай тілдерінде дауыстылар жақтың қатысына қарай ашық және қысаң болып екіге бөлінеді. Қазақ тіліндегі а, ә, е, о, ө дыбыстары, ноғай тіліндегі а, аь, о, оь ашық дауыстылар, қазақ тілінде ұ, ү, ы, і және ноғай тіліндегі у, уь, и, е дыбыстары қысаң дауыстылар болып саналады.

Жоғарыда көрсетілгендей ноғай тілінде 37 әріп бар. Олардың сегізі дауысты дыбыстар (а, аь, о, оь, у, уь, ы, и).

А, е, о, ө, ұ, ү дыбыстары – көне түркі тілінен келе жатқан, барлық түркі тілдеріне ортақ дауысты дыбыстар.

Қазіргі қазақ тілінде он бір дауысты фонема бар. Вокализм солардың өзара қарым-қатысынан құралды, оның тоғызы монофтонг. Жалаң дауыстылар: а, е-ә, о, ө, ы, і, ұ, ү, ә қалған екеуі – дифтонг дауыстылар: и, у. Түркі тілдерінің біразында (қырғыз, алтай, түркпен т.б.) дауыстының қысқа не созылыңқы айтылуы белгілі мағынамен байланысты болып келеді.

Дауыстылар фонетикалық жағдайына қарай әртүрлі комбинаторлық варианттарда келе береді: мәселен, е, о, ө дауыстылары сөздің бас позициясында үнемі ашық дифтонг (йә, уо, уө) сапасында айтылады: йекі (екі), йәшкі (ешкі), йерте (ерте) т.б. сөздің өзге шенінде бұл дауыстылардың ешқайсысы дифтонг түрінде кездесе алмайды. Анлауттағы йә, уо, үө ашық дифтонгтері мен сөздің өзге шенінде келетін э, о, ө монофтонг – жалаңдарының арасында фонематикалық ерекшелік жоқ. Сондықтан йә, уо, үө дифтонгтерін э, о, ө фонемаларының сөз басында айтылатын комбинаторлық не позициялық варианттары деп қараймыз. Дауысты фонеманың негізгі варианты көбіне екпінді позицияда дауыстылар сан, сапа жағынан түрлі редукция басқышымен айтылады: балалар (балдар).

Ноғай тілі мен қазақ тілі арасындағы туыстықты, сәйкестіктерді «Қарайдар мен Қызылгүл» және «Бозжігіт» жырларынан үзінді келтіріп, жыр жолдарының қазақша баламасын бере отырып, жырлардың дыбыстың жүйесінен іздестірсек, көптеген дыбыстардың бір-бірімен сәйкестік түзетінін, кейбір дыбыстардың екі тілдегі сипаты бірдей болғанымен таңбалануында айырмашылық бар екенін байқауға болады. Мәселен, «Қарайдар мен Қызылгүл» жырынан үзінді:

Ноғайша	Қазақша	
Уьмитим бар, Карайдар	Умітім бар, Қарайдар	
Келерме, деп бу куьзде,	Келер мен деп бұ кезде	
Кыз суьвретим бузылып,	Қыз суретім бұзылып,	
Сепкил туьсти бу юзге.	Сепкіл түсті бұ жүзге.	
Авызынь барып уялмай,	Ауызың барып ұялмай	
Қалай айттынъ сен бизге?	Қалай айттың сен бізге?	
Оьз ягдайынъ соьйлерсинъ,	Өз жағдайың сөйлерсің,	
Алданман олай соьзге.	Алданбай олай сөзге.	
Мынь йыл турсам дуньяда,	Мың жыл тұрсам дүнияда,	
Яр суьймен оинан оьзге.	Жар сүймен онан өзге...	

«Бозжігіт» жырынан үзінді:

Ноғайша:

Хатын калса эр табар,
Бала калса мал табар,
Кызынъ калса яр табар
Ян оылмеге еткенде
Каърип басынъ не табар,
Минген атынъ бос калса,
Минмеге эр табылар
Кийген тонынъ бос калса,
Киерге эр табылар...

Қазақша:

Қатын қалса, ер табар,
Ұлың қалса, мал табар,
Қызың қалса, бас табар,
Жан өлімге жеткенде
Ғарып басың не табар?
Мінген атың бос қалса,
Мінуге ер табылар.
Киген тоның бос қалса,
Киюге ер табылар...[4]

Қазақ тілінің төл дыбыстары – ә, ңдыбыстары ноғай тіліне де тән болып келеді. Әйтседе ноғай тілінің әліпби жүйесінде бұл дыбыстар аь және нь әріптерімен таңбаланады. Енді осыған дәлел ретінде жырдан үзінді келтіріп кетсек: Ваьдеси озды Карайдар,/ Қызыл-Гуьл каърип не этсин,/ Аьжел етип оьлмесе. Мұндағы ваьдеси – уәдесі, каърип – кәріп, аьжел – ажал. Ноғай алфавитінде ң әрпі жоқ болғандықтан, олар бұл дыбысты н әрпіне жуандық белгісін қосып береді. Мысалы: Кырым ханнынъ колында,/ калай айттынъ сен бизге?.

Ноғай және қазақ тілдеріндегі біраз дыбыстар арасында дыбыстық сәйкестіктер орын алады. Мысалы:

У ~ ұ, у ~ ү, у ~ в сәйкестігі. Екі жырда салыстыра отырып байқарымыз ноғай тіліндегі у дыбысының үш түрлі жағдайда келетіндігі. Мәселен: у дыбысы жіңішкелік белгісімен ү болып айтылса, жалғыз тұрып ұ болып дыбысталады, ал ы дауысты дыбысының алдында қазақ тіліндегі в әрпіне өзгереді. Біз бұны алып отырған жырларымыздың мына тұстарында байқаймыз: Авызынъ барып уялмай,/ Бавыр анам, дер эдинъ,/ Отавына туьспеди. Мұндағы авызынъ деп отырғаны ауызың, бавыр-бауыр, отавы-отауы деген сөздер. Ноғай тілінде у дыбысын беру үшін ү дыбысымен в әрпі немесе у әрпі жіңішкелік белгісімен қатарласып, болмаса кей жағдайда жалғыз тұрады. Ол былайша көрінеді: суьвретим,/ озды давърен коьзел шак,/ тавдан тастан оьткенмен, /менинен суьйген кыз тавып. Мұндағы суьвретим – суретім, давърен – даурен, тавдан – таудан, тавып – тауып.

И ~ і сәйкестігі. Қазақ тіліндегі і әрпі ноғай тіліндегі сөздерде и болып беріледі. Жоғарғыдағы жырлардағы сөздерге назар аударып, мысалдарды солардан алайық: суьвретим- суретім, уьмитим – үмітім, сепкил – сепкіл, бизге – бізге.

Е ~ э сәйкестігі. Сөздің басында, дауысты дыбыстардың алдында е әрпі ноғай тілінде э дыбысына өзгереді. Бұған мысал ретінде «Бозжігіт» жырынан алдық: Хатын калса эр табар,/ Эске сонда туьсерсинъ,/ Оьзинъ ялғыз бир эдинъ, / Эрке балам йок эди. Ал сөздердің ортасында қазақ тіліндегідей е дыбысы болып дыбысталады: азат кылса керек ти,/ киси сойып той эткен,/ эститпедим, коьрмедим.

Й ~ ж, ю ~ ж, я ~ ж сәйкестіктері. Ноғай тілінде й дыбысы сөздің басында, дауысты дыбыстардың алдында ж әрпіне сәйкес келсе (Баланъа сен йылама,/ коьп халкты йыйыпсынъыз,/ йолдасы йок бу каърип) ал дауыссыз дыбыстардың алдында және өзінен кейінгі буындар қысаң болып келсе ю болып жазылып (Мунша юрген кисинъыз,/ юрт ишинде ялғызды,/ бир аз бирге юргенмен) дауысты дыбыстардың алдында келіп, өзінен кейінгі буын ашық не үнді дыбыстар болса я болып жазылып қазақ тіліндегі ж әрпіне сәйкес келеді (Мойнынъыз сынып ятқанмыз,/ Ян оылмеге еткенде,/ бай ишинде ярлыды,/ азат кылынъыз, яхшылар,/ янган отка туьсипсинъ) . Сөздердің ортасында еш өзгеріске түспейді (Аьжел етип оьлгеннен сонъ,/ басымдағы тажымды, /олжа калды муьлким меним). Осы сәйкестіктерге қатысты бізде осы жырдың атауы болып келетін «Бозйигит» сөзінде неліктен сөздің ортасында келген й дыбысы ж болып дыбысталады деген орынды сұрақ туындауы мүмкін. Біз бұған былай жауап береміз, «Бозжігіт» «боз» және «жігіт» деген сөздерден тұратын біріккен сөз. Ал ноғай тілінде «жігіт» сөзі «йигит» болып беріледі. Сондықтан да

бұл сөз екі сөздің бірігуінен тұрғандықтан біздің жоғарыдағы айтқандарымызға сәл-пәл сәйкес келмей тұр.

Қазақ тілі мен ноғай тілінің ұқсастықтары екі тілдің дыбыстық жүйесінде ғана емес, тіл құрылымының барлық деңгейінде молынан көрініс береді. Дыбыстық жүйеге қатысты алатын болсақ, негізгі мәселе дауыссыз дыбыстардың дыбыстардың таңбалануына байланысты болмақ. Ноғай алфавитіне тән бір дыбыстың қос әріппен таңбалануы, тек осы тіл үшін ғана емес, кез келген тіл үшін де орфографиялық кемшілік болып табылмақ. Қорыта келгенде, екі тілде де дауысты дыбыстар жақтың қатысына қарай, еріннің қатысына қарай, тілдің қатысына қарай бөлінеді және олардың дыбыстық сипаттамасы негізінен бірдей болып келеді. Ал өзгешіліктер дыбыстың әліпбилік таңбалануы мен дауысты дыбыстардың санына қатысты болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе.- Алматы, 1985.
2. Жүнісбеков Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс. 2009.
3. Кукаева С.А. К проблеме этнолингвистической витальности ногайского языка. – Черкасск, 2008.
4. Ногай халк йырлары, Москва, 1969.

ӘӨЖ 811.512.122'373: [61:001.4]

МИФЕМАНЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Әсетова Ж.Б.

assetova@inbox.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, филология: қазақ тілі
мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Жақыпов

«Мифологема — ғаламдық, кешендік сипатқа, әлем халықтары арасында кең қолданысқа ие болған, мифологиялық сюжеттерді, қойылымдарды, образдарды белгілеуге арналған термин. Мысалы: алғашқы адам мифолегемасы, Әлем ағашы мифолегемасы, Топан су мифолегемасы және т.б. ...»[1].

Мифема ұғымы ғылыми айналымға К. Г. Юнг және К. Кереньидің «Введение в сущность мифологии» (1941) монографиясы арқылы енген. «Мифолегема» термині амбивалентті табиғатқа ие: бұл – мифологиялық материал мен жаңа материал түзуге арналған дүние; мифология өнері өзіндік ерекшелігі бар тілдік фактілермен анықталады. Бұл материалдың көпшілігі көне заманнан салт-дәстүрлер арқылы сақталып, Құдай мен күдіретті күшке ие болғандар туралы, ерлік үшін соғыстар мен жер асты әлеміне саяхат туралы аңыз-әңгімелер ішінде болған, олар көпшілікке танымал, бірақ әлі де зерттеуді қажет ететін, жаңа шығармашылық жұмыстарға дерек көзі болуда. Қазіргі әдебиетте «мифолегема» сөзі мифологиялық уәждерді саналы түрде белгілеу үшін және көркем мәдениет әлеміне көшіру үшін жиі пайдаланады.

Мифема мифтік мәтінді түзетін элемент болып табылады және мифтік санамен тікелей байланыста болады. Мифема – бұл екі мифтік фактілердің өзара әрекеттесуін білдіретін, сананың мифтік шынайы болмыста жүзеге асу бірлігі. Миф дегеніміз үнемі мифтік шынайы болмыс: жүзеге асқан немесе жеке дара жүзеге асқан (сананың мифтік шынайылығы, мифтік сана) және ұжыммен жүзеге асқан (лингвистикалық немесе салттық мәтіннің мифтік шынайылығы). Мифтік санада мифема жеке дара жүзеге асу актісінен кейін шығады, себебі мифтік сана дегеніміз барлық жерде және барлық байланыстарды жаппай көре білу, сондай-ақ нәрселердің мифтік байланысы заңдылықтарын көре білу болып табылады. Осы заңдылықтардың жүзеге асуы мифтік әрекеттесу, яғни мифема болып табылады.